

Тараз қаласының коммуналдық меншігіндегі объектілерді жекешелендіру, сондай-ақ кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) сенімді басқаруға беру жөніндегі комиссияның №__ хаттамасы

Өткізілген уақыты: Ұ тамыз 2019 жыл, сағат 12-⁰⁰.

Өткізілген орыны: Тараз қаласы, Қарахан көшесі, 2.

Қатысқан комиссия құрамы:

Комиссия төрағасы - Ж.Паримбеков

Комиссия төрағасының орынбасары – Е.Карибаев

Комиссия мүшелері: Қ.Бурлибаев, М.Абсатов, М.Шалқаров,

А.Абдықадыров, А.Бөлегенов.

Комиссия хатшысы – С.Тылемис.

Күн тәртібі:

«Жасыл Ел-Тараз» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 51% мемлекеттік қатысу үлесін үш жыл мерзімге кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға қайта беру жөніндегі тендердің шарттарын анықтау және кепілдік жарнаның мөлшерін белгілеу.

Комиссия хатшысы: «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 Қаулысымен объектіні бағалау есебімен комиссия мүшелерін таныстырды.

Комиссия танысып, күн тәртібінің сұрақтарын талқылап және өзара пікір алысып, **ШЕШТІ:**

1. Тендердің шарттары төмендегідей белгіленсін:

- тұрғындарға қызмет көрсету;
- серіктестіктің кредиторлық берешегін толығымен өтеу;
- қаладағы қоқыс төгетін полигонына бару жолдарын күрделі жөндеуден өткізу (асфальттау). Орындау мерзімі – 2020 жыл.
- қаладағы қоқыс төгетін полигонда қоқыс сұрыптау алаңын ұйымдастыру. Орындау мерзімі – 2020 жыл.
- қаладағы қоқыс төгетін полигонда қоқыс жинайтын машиналар үшін санитарлық және дезинфекциялық алаңдардың құрылысын салу. Орындау мерзімі – 2020 жыл.
- қаладағы қоқыс төгетін полигонда рекультивация жасау. Орындау мерзімі – 2019-2022 жыл.
- қаладағы қоқыс төгетін полигонда қызметтік ғимарат салу (жалпы алаңы 100 шаршы метрден кем емес). Орындау мерзімі – 2020 жыл.
- қаладағы қоқыс алаңдарын толығымен жанарту және 2000 дана қоқыс салатын контейнерлер алу. Орындау мерзімі – 2020 жыл.
- питомникте гүл егетін жылыжай салу – 6 дана. Орындау мерзімі – 2020-2022 жыл.
- питомникте көшеттер өсіретін жылыжай салу – 4 дана. Орындау мерзімі – 2020-2022 жыл.
- питомникте көлік құралдарын және басқа механизмдерді жөндеу бойынша өндірістік техникалық базасын салу. Орындау мерзімі – 2021 жыл.
- питомникте көлік қоятын ангарлар мен бастырмалар салу. Орындау мерзімі – 2020 жыл.
- тұз, құм сақтайтын ангар мен қойма салу. Орындау мерзімі – 2021 жыл.
- питомникте жұмысшыларға арналған нысандар салу. Орындау мерзімі – 2020 жыл.

- серіктестікті жаңа техникамен қамтамасыз ету, оның ішінде:

№	Атауы	ө.б.	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Қоқыс жинаушы автотехника КАМАЗ БМ-7028-13 шасси Камаз-65115	дана	5	5	5
2	Аралас жол машиналары КО-829С1-03	дана	5	5	5
3	Трактор МТЗ 82	дана	2	2	1
4	Самосвал Камалдары	дана	5	5	5
5	Түйегіш - Экскаватор CASE 695 ST	дана	1	1	1
6	Түйегіш - Экскаватор CAT 318 D 2	дана	1	1	1
7	Жүк және жолаушы Газель автокөлігі	дана	3	3	3
8	Автобус ПАЗ 32054	дана	1	1	1
9	Автогрейдер ДЗ-98	дана	1	1	1
10	Дәнекерлеу машинасы (сварочный агрегат) САК	дана			1
11	Компрессор	дана		1	1
12	ПУМ	дана	3	3	3
13	тротуарларды тазартуға арналған тракторлар Shibauga (Шибатура) ST450 HST	дана		2	3
14	25 тонналық Автокран	дана			2
15	Автовышкилар ВИПО-28-01 КАМАЗ-43502	дана	1	1	1
16	Телескопиялық автовышкилар	дана	1	1	1

- қосымша өзіндік кіріс көздерін айқындау, оның ішінде көшеттерді сату, абаттандыру қызметін көрсету және т.б. (*Сондай ақ макулатура, полиэтиленнен екінші айналымға өндейтін цехтарын ашу*). Орындау мерзімі – 2019-2022 жыл.

Сенімгерлік басқару кезеңінде:

- объектіні тиімді басқару;
- объектінің сақталуын қамтамасыз ету;
- сенімгерлік басқару мерзімінде қызмет жасау бейінін сақтау;
- қолданыстағы жұмыс орындарын сақтай отырып, жаңа жұмыс орындарын ашу;
- қоршаған орта мен объекті қорғау нормалары мен ережелерін сақтау;
- белгіленген мерзімде Нысанның берешектерін уақытылы өтеу;
- объектіні сенімгерлік басқаруға беру кезінде орын алатын салық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;
- табиғат қорғау іс-шараларын орындалуын қамтамасыз ету;
- объектіні сенімгерлік басқаруға беруге дейінгі көрсетілетін қызметтер көлемінен және түрлерінен кем емес қызметтер көлемін және түрлерін сақтау;
- сенімгерлік басқару мерзімінде мүлікті (жылжымалы және жылжымайтын мүлікті), объектіні кепілдік ретінде бермеуге, үшінші тұлғалардың құқықтарына кепілдік бермеуге, үшінші тұлғаларға сатуға шығармау;
- аумақты абаттандыру және ағымдағы жөндеу жүргізу (жыл сайын);
- өзінің Сенімгерлік басқарушы ретінде әрекет ететінін көрсете отырып, сенімгерлік басқаруға берілген Объектімен мәмілелерді өз атынан жасау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қажетті болып табылатын барлық рұқсат беру құжаттарын уәкілетті мемлекеттік органдардан алу;
- осы шартқа сәйкес, сенімгерлік басқарушының құқықтары мен міндеттерін жүргізу;
- Құрылтайшыға өзінің Шартты тиісінше орындамауы салдарынан келтірілген шығындарды өтеу;
- шартты тиісінше орындау мақсатында, сенімгерлік басқару бойынша әрекеттер нәтижесінде туындайтын міндеттерді орындауға;
- жыл сайын 1 желтоқсаннан кешіктірмей, Құрылтайшыға және тиісті саланың органына сенімгерлік басқару міндеттемелері бойынша атқарылған

жұмыстар туралы есебін, ХҚЕС сәйкес толтырылған қаржылық есептілікті беруге, сондай-ақ, сұратылған мәліметтерді қажеттілігіне қарай беру;

- Сенімгерлік басқарушының осы Шартпен өзінің сенімгерлік басқаруына берілген мемлекеттік мүлікпен байланысты қаржылық қызметі туралы есебін «Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі функцияларды орындауға қатысатын жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер және қаржылық қызмет туралы есептер беруінің қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 130 қаулысында айқындалған тәртіппен беру;

- осы Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде осы Шартты өз қаражаты есебінен мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

- Объектіні Құрылтайшыға осы Шарттың күші жойылған кезде (шарттың мерзімі аяқталғанда, Шартты мерзімінен бұрын бұзғанда) 10 жұмыс күні ішінде беру;

- Объектіні кейіннен сатып алу.


2. Объектінің бастапқы бағасы 1 541 612 700 болып белгіленсін.


3. Кепілдік жарна объектінің нарықтық бағасынан 15% болып белгіленсін – 231 241 905 теңге.

Комиссия төрағасы  Ж.Паримбеков

Комиссия төрағасының орынбасары  Е.Карибаев

Комиссия мүшелері:

 Қ.Бурлибаев

 М.Абсатов

_____ М.Шалқаров

_____ А.Абдықадыров

_____ А.Бөлегенов

Комиссия хатшысы  С.Тылемис